



«Kaspi Bank» АҚ-тағы банктік салымның жалпы талаптары

1. Терминдер мен анықтамалар:

- 1.1. Сыйақы – Шартта көрсетілетін Депозит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері;
- 1.2. Салымшы – атына Kaspi-де Жинақ шот ашылған жеке тұлға;
- 1.3. Депозит – Салымшы Жинақ шотқа салған ақша;
- 1.4. Шарт – Жалпы талаптарға сәйкес Kaspi белгілеген нысанда жасалатын, Салымшы қағаз жеткізгіште және/немесе электрондық түрде қол қоятын Банктік салым шарты;
- 1.5. Өтініш – Kaspi-дің нысаны бойынша толтырылатын, Салымшы қағаз жеткізгіште және/немесе электрондық түрде ұсынатын мәліметтер, сондай-ақ Шарттың кейбір талаптары қамтылған Шарттың бөлігі болып табылатын құжат. Салымшы Өтінішті ұсынып, өзінің Банктік салым шартын жасасу және банктік шоттар ашу ниетін растайды;
- 1.6. Байланыс арнасы – Жалпы талаптарға сай Салымшы мен Kaspi-дің арасында деректерді берудің Kaspi айқындаған тәсілдерінің бірі;
- 1.7. ДСЖК – бірреттік код, динамикалық сәйкестендіру барысында Салымшының сұратуы бойынша бағдарламалық-техникалық құралдармен генерацияланады;
- 1.8. Жеке кабинет – Сайттағы парақша, оған қолжетімділік Салымшыға ЭБТҚ ережесіне сай беріледі;
- 1.9. Телефон нөмірі – Салымшы Kaspi-ге жазбаша не Байланыс арналарының бірі арқылы берген, Жеке кабинетте логин ретінде пайдаланылатын Салымшының мобильді телефонының нөмірі;
- 1.10. Кемімейтін қалдық – Мерзімді салымды орналастыру мерзімі ішінде Жинақ шотта қалуға тиіс Мерзімді салымның ең аз сомасы;
- 1.11. Сайт – www.kaspi.kz және/немесе www.kaspibank.kz;
- 1.12. Жинақ шот – Шарт бойынша Депозитті орналастыру үшін Салымшыға ашылған Kaspi-дегі жинақ шот;
- 1.13. Тарифтер – Kaspi-дің уәкілетті органы бекіткен, Сайтта орналастырылған, Kaspi-дің қызметіне байланысты оның қызметтері үшін белгіленген ақы мен комиссиялардың мөлшерлемелері;
- 1.14. Ағымдағы шот – Салымшының Kaspi-де ашылған ағымдағы шоты;
- 1.15. Типтік ережелер – «Капитал» газетінің 2010 жылғы «01» сәуірдегі №12 (249) санында, сондай-ақ Интернет желісіндегі www.kaspibank.kz және www.kaspi.kz мекенжайындағы Kaspi-дің сайттарында жарияланған «Kaspi Bank» АҚ-та жеке тұлғалардың банктік ағымдағы шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың типтік (үлгі) ережелері;
- 1.16. Жалпы талаптар – Сайтта жарияланған «Kaspi Bank» АҚ-тағы банктік салымның жалпы талаптары;
- 1.17. ЭБТҚ ережесі – Сайтта орналастырылған «Kaspi Bank» АҚ-та электрондық банктік қызмет көрсету ережесі, Қауіпсіздік рәсімдері, «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында банктік қызмет көрсету шарты;
- 1.18. ЖСК – Жинақ шоттың/Ағымдағы шоттың жеке сәйкестендіру коды;
- 1.19. Үзінді көшірме – Жеке кабинетте Kaspi электрондық түрде ұсынатын Жинақ шот жөніндегі ақпарат;
- 1.20. ҚЖ/ТҚҚ – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл;
- 1.21. ЭЦҚ – «Kaspi Bank» АҚ Куәландырушы орталығы шығарған электрондық цифрлық қолтаңба.

2. Шарттың және Жалпы талаптардың мәні

- 2.1. Салымшы береді, ал Kaspi Депозитті қабылдайды және Депозиттің сомасына Сыйақы төлейді.
- 2.2. Электрондық түрде берілген және ДСЖК-мен, ЭЦҚ-мен расталған Өтініш Салымшы қол қойған қағаз жеткізгіштегі Өтінішпен бірдей.
- 2.3. Депозит Жалпы талаптарға сай қайтарылады.
- 2.4. Депозитке және Шартқа Байланыс арналары мен ДСЖК-ны, ЭЦҚ-ны пайдалану арқылы электрондық түрде қызмет көрсетіледі. Техникалық мүмкіндік болған кезде Kaspi-дің қалауымен

Банктің бөлімшелерінде қызмет көрсетілуі мүмкін.

- 2.5. Шарт жасалған сәтте Салымшыда Депозит валютасында Ағымдағы шот болмаған жағдайда, Өтініштің негізінде Салымшыға Депозит валютасында Ағымдағы шот ашылады.
- 2.6. Ағымдағы шотқа қызмет көрсету талаптары соның ішінде Типтік ережелермен реттеледі.
- 2.7. Салымшыда Өтініш берген/ресімдеген сәтте Kaspi-де бұрын ашылған қолданыстағы банктік шоты және/немесе ЭЦҚ болған кезде ғана Шарт электрондық түрде жасалуы мүмкін.
- 2.8. Салымшы Жинақ шотқа Депозитті Сайтта көзделген тәсілдермен, соның ішінде банкоматтар, терминалдар, аударымдар, кассалар арқылы және Kaspi айқындаған өзге тәсілдермен салады.
- 2.9. Өтініш ресімделген және Kaspi ЖСК-мен Жеке кабинетке хабарлама жіберген күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күннің ішінде Депозит салынбаған немесе Кемімейтін қалдықтан аз мөлшерде ақша салынған жағдайда, Салымшы Шарттың талаптарын бұзған болып саналады, Шарт Жинақ шот бөлігінде тоқтатылған болып саналады, Жинақ шот жабылады, ал Жинақ шоттағы ақшаның қалдығы (бар болса) Жалпы талаптардың 4.9.-тармағына сай қайтарылады.
- 2.10. Депозит ақшаны ішінара алу мүмкіндігі бар талаппен (Мерзімді салым) немесе ақшаны ішінара алуға тыйым салатын талаппен (Жинақ салым) нақты мерзімге орналастырылады.
- 2.11. Салымшы Мерзімді салымнан ақшаны мерзімінен бұрын алатын жағдайда, ақша Салымшының талабы түскен сәттен бастап күнтізбелік 7 күннің ішінде беріледі. Ақша Жинақ салымнан мерзімінен бұрын толық алынатын жағдайда, ақша Салымшының талабы түскен сәттен бастап күнтізбелік 30 күннен кейін беріледі.

3. Kaspi-дің Депозитке кепілдік беруі

- 3.1. Банктің Депозитті қайтару міндеттемелері Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады. Kaspi – депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы (31.10.2008 ж. №011 куәлік).

4. Депозиттің талаптары

- 4.1. Депозит бойынша Сыйақы мөлшері Шартта және/немесе Өтініште көрсетіледі. Депозиттің валютасын, мерзімі мен түрін Салымшы Kaspi ұсынған нұсқалардан таңдайды және Шартта және/немесе Өтініште көрсетеді.
- 4.2. Жинақ шот Депозиттің валютасында ашылады.
- 4.3. Депозиттің Кемімейтін қалдық болып табылатын ең аз сомасы Шартта немесе Өтініште көрсетіледі. Өзге валюталар үшін Кемімейтін қалдық сомасын Kaspi Сайтта ақпарат орналастыру арқылы айқындауы мүмкін.
- 4.4. ЖСК және Шарттың аясындағы өзге деректемелер электрондық түрде мұндай ақпаратты Жеке кабинетте орналастыру арқылы Салымшыға беріледі және/немесе Шартта көрсетіледі.
- 4.5. Сыйақы Жинақ шоттағы ақша қалдығына ай сайын есептеледі және егер Шартта немесе Өтініште өзгеше көзделмесе, есептеу жүргізілетін айдан кейінгі айдың күнтізбелік бірінші күні төленеді. Сыйақы сомасы Сыйақы есептелетін Депозит сомасын көбейтіп, Жинақ шотқа төленеді.
- 4.6. Сыйақыны есептеген кезде бір айдағы 30 күн, сәйкесінше бір жылдағы 360 күн есепке алынады, бұл ретте есептеген кезде Жинақ шоттан ақша алатын күн ескерілмейді.
- 4.7. Депозит орналастырылған мерзім ішінде Салымшының:
 - 1) егер Шартта немесе Өтініште өзгеше көзделмесе, Депозитке шектеусіз ақша салуға;
 - 2) Мерзімді салым болып табылатын Депозит бойынша егер Шартта немесе Өтініште өзгеше көзделмесе, Жинақ шотта Кемімейтін қалдық сақталған кезде, Депозит сомасын және сыйақыны қайта есептемей, есептелген және төленген Сыйақы сомасын ішінара немесе толық мерзімінен бұрын алуға;
 - 3) Жинақ салым болып табылатын Депозит бойынша Депозиттің барлық сомасын және есептелген және төленген Сыйақы сомасын толық мерзімінен бұрын алуға құқығы бар, бұл ретте есептелген Сыйақы мөлшері Жалпы талаптарға сай қайта есептеледі.
- 4.8. Егер Салымшы:
 - Кемімейтін қалдықтың болуын қамтамасыз етпесе;
 - Шарттың мерзімі аяқталғанға дейін ақшаны мерзімінен бұрын алу көзделмеген Депозитті алып қойса Шарттың талаптары бұзылған болып саналады, Сыйақы есептеу тоқтатылады, ал Депозиттің қалған сомасы Жалпы талаптарда көзделген тәртіппен қайтарылуға тиіс.
- 4.9. Есептелген Сыйақысымен бірге Депозитті Kaspi Жалпы талаптарға сай Салымшының қосымша нұсқауларынсыз Салымшының Ағымдағы шотына аудару арқылы не Салымшының өтінімінде көрсетілген басқа деректемелер бойынша, Тарифтерге сай комиссия ұстап, қолма-қол ақшамен не қолма-қол ақшасыз нысанда қайтарады.
- 4.10. Ақшаны Жинақ шотқа және/немесе Депозитті Ағымдағы шотқа Жинақ шоттың/Ағымдағы шоттың валютасынан өзгеше валютада аударған жағдайда, мұндай аударым Депозит

валютасын Жинақ шоттың/Ағымдағы шоттың валютасына айырбастау арқылы аударым жүзеге асырылған сәтте Kaspi белгілеген валютаны айырбастау бағамы бойынша жүзеге асырылады. Егер Kaspi-ден түсетін ақшаның валютасы үшін айырбастау бағамы белгіленбесе, Kaspi мұндай төлем құжатын орындаудан бас тартуға құқылы.

- 4.11. Салымшының Депозит бойынша нұсқауын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Kaspi орындайды немесе Kaspi оны орындаудан бас тартады.

5. Қашықтан қызмет көрсету тәртібі

- 5.1. Kaspi Салымшыға ЭБТҚ ережесіне сәйкес, ондағы тәртіппен және жағдайларда электрондық банктік қызмет көрсетеді.
- 5.2. Салымшының электрондық банктік қызмет алуға құқықтарын нақты растау мақсатында Сайтта оның түпнұсқалылығын анықтау және әрекеттерін растау ДСЖК-ны (Бірреттік кодты) пайдалану арқылы жүзеге асырылады.
- 5.3. Шарт пен Жалпы талаптардың аясында мыналар Байланыс арналары болып табылады: Шартты жасаған кезде және оның қолданылу кезеңінде Салымшыдан алған ақпараттың негізінде Салымшыны сәйкестендірген жағдайда, Kaspi белгілеген тәртіппен және талаптарда пайдаланылатын электрондық пошта (e-mail), пошталық байланыс, интернет-банкинг, мобильді банкинг, телебанкинг, USSD/SMS-хабар, Push-хабарлама, соның ішінде Телефон нөмірі арқылы, месенджер бойынша хабар, телефон, факс, банкомат, POS-терминал, терминал, Жеке кабинет, интернет-киоск, интернет-бөлімше, Kaspi-дің Сайттарындағы, әлеуметтік желідегі Kaspi-дің ресми парақшасындағы хабар, әлеуметтік желідегі Салымшының парақшасындағы хабар.
- 5.4. Kaspi ДСЖК-ны Салымшының Жеке кабинетіне Push-хабарлама немесе Телефон нөміріне SMS-хабарлармен жібереді және ол бір рет пайдалануға арналған. ДСЖК-ны енгізу Салымшының Шарттың талаптарын қабылдағанының растамасы және/немесе ЭБТҚ ережесіне сай электрондық банктік қызметті орындағанының (соның ішінде Шарт бұзылған кезде) растамасы болып табылады.
- 5.5. Салымшының Жинақ шоты мен басқа шоттарының арасындағы аударымдар және өзге электрондық төлем қызметтері ЭБТҚ ережесіне сай жүзеге асырылады.

6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

6.1. Салымшы:

- 6.1.1. Депозитті орналастыру мерзімі аяқталғанда Депозиттің бүкіл сомасын, сондай-ақ есептелген және төленген Сыйақы сомасын алуға;
- 6.1.2. Жазбаша немесе Жеке кабинет арқылы электрондық түрде Шартты мерзімінен бұрын бұзуға және Жинақ шотты жабуға, Жалпы талаптардың 2.11.-тармағын ескере отырып, Kaspi-ден Депозиттің бүкіл сомасын және есептелген Сыйақыны қайтаруын талап етуге;
- 6.1.3. Жеке кабинетте Үзінді көшірмені алуға құқылы.

6.2. Салымшы:

- 6.2.1. Шарттың талаптарын, ДСЖК-ны, парольдерді, логиндерді жария етпеуге;
- 6.2.2. Жинақ шотқа Депозиттің ең аз сомасынан кем емес мөлшерде Депозит салуға;
- 6.2.3. Өзгерістер болған, соның ішінде тұратын жері, байланыс нөмірлері өзгерген, Салымшының жеке басын куәландыратын құжаттар өзгерген немесе жоғалған барлық жағдай туралы Kaspi-ге міндетті түрде дереу хабарлауға;
- 6.2.4. Қызмет көрсетілген сәттен қолданыста болған Kaspi-дің Тарифтеріне сай Kaspi-дің қызмет ақысын төлеуге;
- 6.2.5. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Kaspi-дің ішкі құжаттарына сәйкес Kaspi талап ететін шынайы құжаттар мен мәліметтерді беруге **міндеттенеді**.

6.3. Kaspi:

- 6.3.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Шарттың талаптарында және Жалпы талаптарда мұндай алуға уәкілеттік берілген үшінші тұлғалардың өкімдері бойынша Жинақ шоттан және/немесе Ағымдағы шоттан ақшаны, соның ішінде Депозит бойынша төленген Сыйақыны Салымшының келісімінсіз алуға;
- 6.3.2. Салымшының пайдасына ақша қателесіп есепке алыну фактісі анықталған кезде қайтару үшін, сондай-ақ Шартта және Жалпы талаптарда көзделген жағдайларда, Kaspi-дің қолданыстағы Тарифтеріне сай Kaspi-дің комиссияларын төлеуге Жинақ шоттан ақшаны, сондай-ақ төленген Сыйақыны акцептсіз, соның ішінде тікелей дебеттеу арқылы (Салымшының қосымша келісімінсіз) алуға;
- 6.3.3. Депозиттің мерзімі ұзартылған кезде Салымшыға Шартта және Жалпы талаптарда көзделген тәсілдердің бірімен кемінде күнтізбелік 1 (Бір) күн бұрын хабарлап, Сыйақының мөлшерін біржақты тәртіппен өзгертуге;

- 6.3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Kaspi-дің уәкілетті органы тиісті шешім қабылдаған кезде, Шарттың талаптарына және Жалпы талаптарға біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге, бұл ретте Kaspi Салымшыға Шартта және Жалпы талаптарда көзделген тәсілмен хабарлайды;
- 6.3.5. Шарт қолданылған кезең ішінде Салымшыға Шартта көзделген тәсілмен Шарт бұзылатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 1 (Бір) күн бұрын хабарлап, өз қалауы бойынша (соның ішінде Салымшы Шарттың талаптарының, ЭБТҚ ережесінің бірін бұзған жағдайда) Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және Шартты бұзуға;
- 6.3.6. Салымшыдан КЖ/ТҚҚ және валюталық заңнама мақсаттары үшін (оған қоса, бірақ шектелмей) Жинақ шот және/немесе Ағымдағы шот бойынша жүргізілген банктік операцияларға қатысты кез келген ақпаратты және құжаттарды талап етуге;
- 6.3.7. Мына жағдайларда:
- 1) егер төлем құжаттарында Kaspi-дің атауы, БСК (банктік сәйкестендіру коды), Салымшының атауы, Салымшының ЖСК, ЖСН және басқа деректемелер көрсетілмесе немесе қате көрсетілсе;
 - 2) егер төлем құжаттарында ақша сомасының цифрмен және жазумен жазылуында алшақтықтар болса немесе төлемнің валютасы Жинақ шоттың валютасына сәйкес келмесе;
 - 3) Салымшы Kaspi-ге төлем және өзге құжаттарды, сондай-ақ Kaspi талап еткен және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында, соның ішінде КЖ/ТҚҚ туралы заңнамада белгіленген тәртіппен және нысандарда ақпарат бермесе;
 - 4) Kaspi Салымшыны сәйкестендіре алмаған кезде, соның ішінде ЭБТҚ ережесіне сәйкес электрондық банктік қызмет көрсеткен кезде;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Kaspi-дің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда;
 - 6) егер операцияға қатысушы және/немесе онымен тікелей немесе жанама байланысты тұлға елдер, одақтар, ұйымдар енгізген халықаралық санкциялардың, тыйым салудың, шектеулердің ықпалында болса және (немесе) санкциялық элементпен, соның ішінде санкциялық тауарлармен/қызметтермен өзге де байланысы болса, сондай-ақ халықаралық санкцияларды бұатын ықтималі тәуекелдер болған жағдайда, Жинақ шот бойынша операцияларды жасаудан (нұсқауларды акцепттеуден) бас тартуға;
- 6.3.8. Салымшының электрондық банктік қызмет алуға құқықтарын, оның сәйкестендірілуін анықтау және Салымшының жеке басын анықтау мақсатында Салымшыны сәйкестендіру үшін ЭБТҚ ережесінде көзделген рәсімдерді пайдалануға;
- 6.3.9. Салымшы міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Жинақ шотты жабуға және Өтініштің күшін жоюға;
- 6.3.10. КЖ/ТҚҚ туралы заңнамада көзделген жағдайларда, Клиентке және/немесе онымен тікелей немесе жанама байланысты тұлғаға елдер, одақтар, ұйымдар енгізген халықаралық санкциялар, тыйымдар, шектеулер қолданылған жағдайда және өзге жағдайларда бұл туралы Салымшыға Kaspi-де бар мекенжай бойынша жазбаша түрде хабарлап, операцияларды тоқтата тұруға және/немесе Шартты бұзуға және Салымшыға жоғарыда аталған хабарлама жіберілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні өткенде Жинақ шотты біржақты соттан тыс тәртіппен жабуға;
- 6.3.11. Шартты орындау мақсатында банктік құпияны құрайтын мәліметтерді, дербес деректерді үшінші тұлғаларға ашуға;
- 6.3.12. ЭБТҚ ережесінде көзделмегенде немесе оның талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Операцияларды жүргізбеуге **құқылы**.
- 6.4. Kaspi:**
- 6.4.1. Депозиттің сақталуын қамтамасыз етуге;
- 6.4.2. Шарттың талаптарына, Жалпы талаптарға және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес ұсталған ақшаны шегеріп, Салымшыға Сыйақы төлеуге және оның талап етуімен Депозиттің сомасын (оның бөлігін) қайтаруға;
- 6.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Депозит құпиясын сақтауға;
- 6.4.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жалпы талаптарда және Шартта айқындалған тәртіппен және мерзімде Салымшының Жинақ шоты, Ағымдағы шоты бойынша операциялар жүргізуге **міндеттенеді**.

7. Тараптардың жауапкершілігі

- 7.1. Залал келтіргені үшін кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.
- 7.2. Шарт және Жалпы талаптар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайлар үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш жағдайларының басталуының, соның ішінде электр энергиясының өшірілуінің, байланыс желілерінің зақымдалуының, Интернеттің,

поштаның жұмысындағы жаңылысулардың, өрттің және Тараптардың еркінен тыс басқа жағдайлардың салдарынан болса, Kaspi жауапкершілік атқармайды. Kaspi Шарт және Жалпы талаптар бойынша өз міндеттемелерін жоғарыда аталған жағдайлардың әрекеті және олардың салдары тоқтағаннан кейін орындайды.

- 7.3. Kaspi-дің Call-Center арқылы банктік құпияны құрайтын ақпаратты беруінен болған ықтимал шығындар және өзге жағымсыз салдар үшін; Салымшы жасаған кез келген әрекеттер немесе әрекетсіздік үшін Kaspi жауапкершілік атқармайды.
- 7.4. Пароль, логин, ДСЖК туралы, Шарттың, Депозиттің, шоттардың талаптары туралы ақпаратты жария еткені үшін Салымшы жауапкершілік атқарады. Мұндай ақпарат Салымшының кінәсінен жария етілген жағдайда, Kaspi жауапкершіліктен босатылады.
- 7.5. Кез келген жағдайда Шарттың талаптарын және Жалпы талаптарды бұзған кезде Kaspi-дің жауапкершілігі тек Kaspi-дің заңсыз әрекеттерімен/әрекетсіздігімен Салымшыға келтірілген нақты залал мөлшерімен ғана шектеледі.

8. Шарттың мерзімін ұзарту, оны өзгерту, бұзу

- 8.1. Шарт Депозит сомасы Шотқа түскен күннен бастап, ал Ағымдағы шот бөлігінде, егер Шартта өзгеше көзделмесе, Kaspi Депозит ашылғаны туралы Салымшыға хабарлаған сәттен бастап күшіне енеді.
- 8.2. Егер Депозитті орналастыру мерзімі өткеннен кейін Салымшы Депозит сомасын талап етпеген жағдайда, Шарттың мерзімі Сыйақы мөлшерін, Кемімейтін қалдықты қоспағанда, сол талаптарда және Шарттың мерзімін ұзартқан кезде Kaspi өзге мерзімді хабарламаса, сол мерзімге ұзартылады. Kaspi Сыйақы мөлшерін, Кемімейтін қалдықты Шарттың мерзімі ұзартылған күнгі жағдай бойынша салымның осы түріне қолданылатын мөлшерлеме және талаптар бойынша белгілейді.
- 8.3. Kaspi мерзімін ұзартуды тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда, Шарттың мерзімі ұзартылмайды, Kaspi ол туралы Салымшыға Шарттың қолданылу мерзімі аяқталатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 1 (бір) күн бұрын Шартта көзделген тәртіппен хабарлайды. Бұл жағдайда орналастыру мерзімі өткен соң Kaspi Депозит пен Сыйақы сомасын Салымшының қосымша тиісті тапсырмасынсыз Салымшының ағымдағы шотына аударады.
- 8.4. Kaspi Жалпы талаптарға және/немесе Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды оларды Сайтта орналастыру арқылы немесе бір Байланыс арнасы бойынша, соның ішінде Жеке кабинетте Салымшының назарына жеткізу арқылы, күшіне енетін күнге дейін күнтізбелік 15 күн бұрын енгізеді. Салымшы енгізілген өзгерістермен келіспеген жағдайда Салымшы Шартты бұзуға құқылы. Сыйақы мөлшерін көбейту немесе Депозит мерзімін ұзарту жағдайларын қоспағанда, Сыйақы мөлшеріне қатысты Шарттың талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге жол берілмейді.
- 8.5. Мына жағдайларда:
 - 1) Салымшының Шартты бұзу және Жинақ шотты және/немесе Ағымдағы шотты жабу туралы жазбаша хабарламасы болғанда;
 - 2) www.kaspi.kz сайтында техникалық жұмыстар жүргізілгенде (Kaspi мұндай жұмыстар жүргізілетін кезеңді жұмыстар тоқтатылғанға дейін 15 минут бұрын Сайтта бұл туралы хабар орналастыру арқылы хабарлайды);
 - 3) шарттардың талаптары өзгертілгенде (оларға сәйкес қызмет көрсету тоқтатылады не тоқтатыла тұрады);
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша Kaspi-дің Жинақ шотты/Ағымдағы шотты жүргізу міндеттемелерін орындау тоқтатыла тұрады немесе тоқтатылады.
- 8.6. Келесі негіздер болған кезде:
 - 1) Өтініш ресімделген және Жинақ шот ашылған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн өткен соң Жинақ шотта ақша болмаған не Депозиттің ең аз сомасы туралы талап сақталмаған жағдайда;
 - 2) Жинақ шот бойынша қозғалыс 1 (бір) жылдан астам болмаған жағдайда;
 - 3) Шарт бойынша міндеттемелер орындалмағанда;
 - 4) Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда;
 - 5) Kaspi Клиенттің қайтыс болғаны туралы ақпарат алған және мұрагерлерден мұраға құқық туралы куәлікті алған жағдайда, Kaspi-дің қалауы бойынша Шарттың қолданысы тоқтатылуы, ал Жинақ шот жабылуы мүмкін. Депозиттің қалдығы мұрагерлердің бірі (егер олар бірнешеу болса) ақшаны жартылай алып қойған күні Kaspi-дегі кез келген банктік шотқа аударылады.
- 8.7. Жинақ шот жабылған жағдайда, Салымшы Депозитті қолма-қол ақшамен алған жағдайлар қосылмағанда, Kaspi Депозитті Салымшының қосымша тиісті тапсырмасынсыз Салымшының Ағымдағы шотына аударады.
- 8.8. Жинақ шот және/немесе Ағымдағы шот заңнамада және Шартта көзделген жағдайлар қосылмағанда, Салымшының өтішінін алғаннан кейін 30 жұмыс күнінен кешіктірмей жабылады. Жинақ шот және/немесе Ағымдағы шот Салымшының қағаз жеткізгіште және/немесе

электрондық түрде ұсынатын хабарламасының/өтінішінің негізінде және /немесе Салымшының Байланыс арналарын пайдалана отырып, Жинақ шотты және/немесе Ағымдағы шотты жабу бойынша іс-әрекеттерді жасауы негізінде жабылады.

- 8.9. Ағымдағы шот жабылмаған жағдайда, Ағымдағы шотқа қызмет көрсету талаптары Типтік ережелерге сәйкес реттеледі.
- 8.10. Салымшы Шартты мерзімінен бұрын бұзған және/немесе Мерзімді салым болып табылатын Депозитті белгіленген мерзім өткенге дейін толық немесе ішінара талап еткен жағдайда, Депозит бойынша Сыйақы, егер Шартта/Өтініште өзгеше көзделмесе, Шартта/Өтініште белгіленген мөлшерде төленеді. Жинақ шот болып табылатын Депозитті мерзімінен бұрын талап еткен жағдайда, Сыйақы жылдық 0% мөлшерлеме бойынша қайта есептеледі.

9. Құжаттар мен Коммуникациялар

- 9.1. Шарттың аясында барлық хабарламалар, сұратулар Салымшыға Kaspi-дің қалауымен келесі тәсілдердің біреуі немесе бірнешеуі арқылы:
- телефон нөміріне SMS-хабарлар/электрондық хабар, Kaspi-дің мобильді қосымшасын пайдаланған жағдайда Push-хабарлама жіберу арқылы;
 - Салымшы Kaspi-ге берген Салымшының пошталық мекенжайына тапсырыс хатпен;
 - өзге Байланыс арналары арқылы;
 - Kaspi-дің операциялық залдарына хабарландырулар орналастыру арқылы жіберіледі.
- 9.2. Жоғарыда аталған деректердің өзгергені туралы жазбаша хабарлама болмаған кезде, барлық хабарламалар, сұратулар, талаптар Kaspi-ге соңғы рет белгілі болған мекенжайға немесе Телефон нөміріне жолданады және олар Салымшының бұл мекенжайда болуына не болмауына, Телефон нөмірін/электрондық поштасының мекенжайын пайдаланатынына не пайдаланбайтынына қарамастан, жеткізілген болып саналады.
- 9.3. Салымшының Kaspi-ге жіберген хабарламасы немесе сұратуы жеке қолға берілгенде, Шарттың деректемелерінде көрсетілген Kaspi-дің мекенжайына пошта арқылы немесе курьерлік қызметпен жіберілген жағдайда, тиісті түрде берілген немесе Kaspi-ге жіберілген болып саналады.
- 9.4. Депозиттің аударылғанын растайтын құжаттар Салымшыға электрондық тәсілмен немесе мәтіндік және/немесе мультимедиялық қысқа хабарлар арқылы жіберіледі және/немесе Салымшының Жеке кабинетіне орналастырылады.
- 9.5. Салымшы мен Kaspi-дің арасындағы өзара қарым-қатынастарында пайдаланылатын, Салымшы Жеке кабинетте ДСЖК-ны пайдаланып, сәтті авторландырған электрондық түрдегі құжаттар қағаз жеткізгіштегі тиісті құжаттарға (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қағаз жеткізгіштерде берілуі тиіс құжаттар мен шарттарды қоспағанда) тең болып танылады және Тараптардың ұқсас құқықтары мен міндеттерін тудырады. Төлем құжаттарымен және/немесе Жеке кабинетте көрсетілетін банктік қызметтерді алуға байланысты өзге ақпаратпен алмасу тәртібі ЭБТҚ ережесінде айқындалады

10. Қорытынды ережелер

- 10.1. Салымшы Шарттың аясында ашылатын банктік шоттар бойынша кәсіпкерлік қызметке, нотариаттық қызметке, адвокаттық қызметке, атқару құжаттарын орындау қызметіне, дауларды медиация тәртібімен реттеу қызметіне байланысты операцияларды жүргізбеуге міндеттенеді. Салымшы Шарттың осы тармағында көзделген міндеттемелерін бұзуына байланысты Kaspi-ге келтірілген барлық/кез келген шығынды Kaspi-ге өтейді, оны Kaspi Шартта көзделген тәртіппен өндіріп алуға құқылы.
- 10.2. Өтініш беру және Шартқа қол қою арқылы Салымшы:
- 1) Шарттың талаптарымен, Типтік ережелермен, Жалпы талаптармен, ЭБТҚ ережесімен толық танысқанын растайды;
 - 2) Шартта және Типтік ережелерде, сондай-ақ Салымшының Жинақ шот пен Ағымдағы шотты тікелей дебеттеуге келісімі жазылған өзге құжаттарда көзделген жағдайларда Банктің Жинақ шотты және Ағымдағы шотты тікелей дебеттеуіне келісімін береді;
 - 3) оған Kaspi-дің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатыны туралы, сондай-ақ кепілдік берілген өтемді төлеу талаптары туралы хабардар етілгенін растайды;
 - 4) Тараптардың шарттарды тиісінше орындауын қамтамасыз ету мақсатында банк құпиясын қоса алғанда, өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге, трансшекаралық беруге, бұлтты және деректерді өңдеудің басқа технологияларын қолдануға, сондай-ақ ақпаратты байланыс қызметін, сақтандыру қызметін, өзге қызметтерді көрсететін үшінші тұлғаларға беруге келісімін береді.

- 10.3. Шартты орындау барысында даулар туындаған кезде, оларды Тараптар келіссөздер арқылы шешуге күш салады, ал келісімге келмеген жағдайда, дау Kaspi-дің орналасқан жері бойынша сотқа қарауға беріледі.
- 10.4. Өтініш, Жалпы талаптар, Типтік ережелер жиынтығында Шарт болып табылады.
- 10.5. Жалпы талаптарды, Шарттың талаптарын Kaspi белгілеген және оларды басқа тарап Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес ұсынылған Шартқа тұтастай қосылу арқылы қабылдай алады.
- 10.6. Шартты орындаған кезде Тараптардың ЭЦҚ пайдалану түрі, қолдану тәртібі және құқықтық салдары Интернет желісіндегі <https://kaspi.kz/guide> мекенжайында орналасқан «Kaspi Bank» АҚ Куәландырушы орталығының регламентінде айқындалған.
- 10.7. Жалпы талаптар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

11. Kaspi-дің деректемелері

«Kaspi Bank» АҚ,

БСН 971240001315

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ.,

Наурызбай батыр к-сі, 154 «А»